

Мемлекеттік ұлттық табиғи парктерде туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру және туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін пайдалануға берілген мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің учаскелерін құрылыс объектілері үшін пайдалануға рұқсат беру қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Тіркелді

_____ (уәкілетті органның атауы)

_____ (қолы) басшының Т.А.Ә.

№ _____

«__» _____ 20__ жыл

М.О.

Туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін учаскені пайдаланудың № _____ үлгі шарты

_____ «__» _____ 20__ жыл

(елді мекен)

Бірлесіп «Тараптар» деп аталатын _____

негізінде әрекет ететін бұдан әрі «мекеме» деп аталатын

(табиғат

_____ қорғау мекемесінің атауы)

атынан _____ және бұдан әрі «пайдаланушы» деп

аталатын _____ негізінде әрекет ететін

_____ атынан

(заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның Т.А.Ә.)

_____ төмендегілер туралы осы шартты жасасты.

1. Шарттың мәні

1. Мекеме пайдаланушыға 20__ жылғы «__» _____ № _____ тендер қорытындыларының хаттамасы (хаттама) негізінде туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін осы шартқа қоса тіркеліп отырған учаске жоспарында (1-қосымша) көрсетілген шекара шегінде _____ жылға дейін мерзімге мекеме учаскесін ұзақ мерзімді (қысқа мерзімді) пайдалануға береді.

2. Пайдалану жүзеге асырылатын учаскенің алаңы мен таксациялық көрсеткіштері осы шартқа 2-қосымшада көрсетілген.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

3. Туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру кезінде пайдаланушының пайдалануға берілген учаскеде дербес әрекет жасауға құқығы бар.

4. Туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру кезінде пайдаланушы:

1) туризм объектісін салу үшін осы шарт уәкілетті органда тіркелгеннен кейін _____ күн ішінде мекемеге келісуге эскиз (эскиздік жоба) беруге;

2) туроператорлық қызметті жүзеге асыру кезінде _____ тиісті лицензиясы болуға;

3) мекеме эскизге (эскиздік жобаға) келісім бергеннен кейін уәкілетті органнан келісім алуға;

4) тендерлік құжаттаманың және уәкілетті органмен келісілген эскиздің (эскиздік жобаның) негізінде 20__ жылғы «__» _____ дейін мерзімде жобалау (жобалау-сметалық) құжаттама (бұдан әрі – ЖСҚ) әзірлеуге;

5) ЖСҚ әзірлегеннен кейін оны мекемемен келісіп, «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабының 4-тармағына сәйкес мемлекеттік сараптамаға жіберуге;

6) объект салуға рұқсат алу үшін уәкілетті органға мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысымен

ЖСҚ жіберуге;

7) Қазақстан Республикасы Салық кодексіне сәйкес өзінің қызметкерлері мен келушілер үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін міндетті төлемақыларды төлеуге міндетті.

3. Тараптардың жауапкершілігі

5. Пайдаланушы ерекше қорғалатын аумақтарды (бұдан әрі – ЕҚТА) пайдаланғаны үшін төлемақыны дер кезінде төлемеген жағдайда пайдаланушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылықта болады.

6. ЖСҚ дер кезінде әзірленбеген, тендерлік құжаттамада белгіленген құрылыс мерзімдері бұзылған жағдайларда мекеме учаскені пайдалану шартын біржақты тәртіппен бұзады.

4. Дауларды қарау тәртібі

7. Осы Шарттың орындалуына байланысты туындайтын барлық даулар келіссөз және қосымша келісімдер жасасу жолымен шешіледі.

Тараптар келіспеген жағдайда даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес соттың қарауына жатады.

5. Өзге де шарттар

8. Осы Шартта көрсетілген барлық қосымшалар оның ажырамас бөлігі болып табылады.

9. Осы шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар осы шарттың мәтініне қайшы келмеуге тиіс, жазбаша түрде жасалып, оған тараптар қол қоюы тиіс.

10. Осы шарт кезекті немесе кезектен тыс орман орналастыру (аңшылық ісін ұйымдастыру) өткізілгеннен және құрылыс объектісіне құқық үшінші бір тұлғаға берілгеннен кейін қайта жасалуға жатады немесе оған өзгерістер мен толықтырулар енгізілуге тиіс.

11. Осы шартқа енгізілген өзгерістер мен толықтырулар уәкілетті органмен келісілуге жатады.

12. Осы шарт 3 данада – пайдаланушы мен мекеме үшін бір-бір данадан және уәкілетті органда сақтау үшін бір дана жасалды.

Барлық 3 дананың да бірдей заңдық күші бар.

6. Шарттың қолданылуы

13. Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде _____ жылға жасалды және ол уәкілетті органда тіркелген сәттен бастап күшіне енеді.

7. Тараптардың заңды мекенжайлары мен деректемелері

Мекеме	Пайдаланушы
_____	_____
(т.а.ә.)	(т.а.ә.)
_____	_____
(заңды тұлғаның	(заңды тұлғаның
_____	_____
толық атауы)	толық атауы)
Орналасқан жері _____	Орналасқан жері _____
_____	_____
Е/шот _____	Е/шот _____
_____	_____
(қолы)	(қолы)
М.О.	М.О.